

SA-76
SA-77
SA-78

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Болашақта осы нұсқаулыққа жүгіну үшін оны сақтап қойыңыз.



- Осы нұсқаулықтың мазмұнын толығымен немесе ішінара көшіруге тыйым салынады. Осы нұсқаулықтың мазмұнын жеке пайдаланудан басқа, «CASIO» келісімінсіз пайдалануға авторлық құқық туралы заңдармен тыйым салынады.
- CASIO КОМПАНИЯСЫ ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТЫ НЕМЕСЕ БҰЙЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІН ЕМЕСТІП НӘТИЖЕСІНДЕ ТУЫНДАЙТЫН ҚАНДАЙ ДА БІР ЗАЛАЛ ҮШІН (АТАП АЙТҚАНДА, ҰТЫЛҒАН ПАЙДАҒА, ҚЫЗМЕТТЕП ҰЗІЛІСКЕ, АҚПАРАТТЫ ЖОҒАЛТУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЗАЛАЛДАРДЫ ҚОСА АЛҒАНДА), ТІПТІ CASIO КОМПАНИЯСЫНА МҰНДАЙ ЗАЛАЛДЫҢ БОЛУ МҮМКІНДІГІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНҒАН БОЛСА ДА, ЕШБІР ЖАҒДАЙЛАРДА ДА ЖАУАПТЫ БОЛМАЙДЫ.
- Осы нұсқаулықтың мазмұны ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
- Бұйымның сыртқы түрі осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы суреттерде көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.
- Осы нұсқаулықта көрсетілген компаниялар мен бұйымдардың атаулары басқа компаниялардың тіркелген сауда белгісі болуы мүмкін.

ЖАНУ НЕМЕСЕ ЭЛЕКТР ТОҒЫНЫҢ СОҒУ ҚАУПІН АЗАЙТУ ҮШІН ҚҰРЫЛҒЫҒА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ТЕК БІЛІКТІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПЕРСОНАЛЫНА ТАПСЫРЫҢЫЗ.

Ата-аналар үшін маңызды ақпарат

- Балаларға бұл құрылғыны пайдалануға рұқсат бермес бұрын, ата-аналар келесі маңызды ақпаратты ескеруі керек:
- Құрылғыға қуат беру үшін AD-E95100L адаптерін пайдалануды бастамас бұрын, адаптерде қандай да бір зақымдардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Қуат сымның үзілуі, кесілуі, жалаңаш сымдары және басқа да күрделі зақымданулардың бар-жоғына мұқият тексеріңіз. Балалардың аса зақымдалған адаптерді пайдалануына жол бермеңіз.
 - Батареяларды қайта зарядтауға тырыспаңыз.
 - Аккумулятор батареяларын пайдаланбаңыз.
 - Әр түрлі типтегі батареяларды бірге пайдаланбаңыз.
 - Ескі және жаңа батареяларды бірге пайдаланбаңыз.
 - Тек ұсынылған батареяларды немесе балама типтегі батареяларды пайдаланыңыз.
 - Батареяларды орнатқан кезде әрқашан оң (+) және теріс (-) полюстердің батарея бөлігінің жанындағы таңбаға сәйкес дұрыс орналастырылғанына көз жеткізіңіз.
 - Батареяларды, олардың заряды бітіуінің қандай да бір белгілері пайда болған кезде алып тастаңыз.
 - Батарея түйіспелерін қысқа тұйықтамаңыз.
 - 3 жасқа дейінгі балаларды құрылғыға жақындатпаңыз.
 - Тек CASIO AD-E95100L адаптерін пайдаланыңыз.
 - Айнымалы ток адаптері ойыншық емес!
 - Құрылғыны тазаламас бұрын, одан айнымалы ток адаптерін ажыратыңыз.
 - Барлық мүмкін қосылымдарды (компьютер, басқыш, құлаққап, басқа аппаратура) тек аспаптың қуат көзі өшірілген кезде жүргізу керек.
 - Аспапты қатаң түрде көлденең орнату керек.
 - Егер корпусқа желдеткіш саңылаулар болса, олардың жанында кемінде 40 см бос орын қалдыру керек.
 - Аспапты жылыту құралдарынан (батареялар, жылытқыштар және т.б.) 1 метрден жақын орнату ұсынылмайды.
 - Егер екі бөліктен тұратын қуат беру блогы (желі баусымы және қуат беру блогы) қолданылса, алдымен желі баусымын қуат беру блогының 220 В ағытпасына салыңыз, содан кейін қуат беру блогын аспаптың ағытпасына қосыңыз және тек осыдан кейін ғана желі баусымының ашасын розеткаға салыңыз.
 - Желілік аша мен аспап қосқышы оңай қолжетімді болуы тиіс.
- «CASIO» AD-E95100**** фирмасының қуат беру блогы - CASIO құрылғыларын электрмен қуаттандыруды жүзеге асыруға арналған. Қуат беру блогы 220 Вольт, 50 герцтің желілік кіріс кернеуін тұрақты шығыс кернеуіне айналдырады. Қуат беру блогының электрлік параметрлері 1-кестеде келтірілген.

Өндіруші:
КАСИО КОМПЬЮТЕР КО, ЛТД, 6-2, Хон-мачи 1-чоме Шибуй-ку, Токио 151-8543, Жапония
Импорттаушы: «КАСИО» ЖШҚ, 127055, Мәскеу қ., Сушевская көшесі, 27 үй, 1 құрылыс.



Жұмысқа дайындық

1-кесте. Қуат беру блогының параметрлері

Модель	Кіріс айнымалы кернеу Вольт/Гц/ Тұтыну	Тұрақты шығыс кернеуі, Вольт	Шығыс тогы, мА
AD-E95100***	100-240 /50-60/0,3А	9,5	1000

**** - AD-E95100 желілік адаптерлерінде техникалық параметрлерге әсер етпейтін, тек компаниядағы өнімнің ішкі белгісі болып табылатын қосымша өріптік-сандық таңбалау болуы мүмкін.

• Зақымдануды болдырмау үшін аппаратты үстелге (еденге) орнату жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес мұқият бекітіңіз.

Электр қуат беру

Бұл құрылғы үйдегі электр желісінен немесе батареялардан жұмыс істей алады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Осы Нұсқаулықтың «Қауіпсіздік шаралары» бөлімінің нұсқауларын міндетті түрде оқып, орындауды сақтаңыз. Бұл құрылғыны дұрыс пайдаланбау электр тогының соғуына және/немесе жануға әкелуі мүмкін.
- Айнымалы ток адаптерін қоспас немесе ажыратпас бұрын немесе батареяларды орнатпас немесе шығармас бұрын, музыкалық аспаптың өшірілгеніне көз жеткізіңіз.

Үйдегі электр желісінен қуат алу

Осы музыкалық аспаққа арналған айнымалы ток адаптерін ғана қолданыңыз. Адаптердің басқа түрін пайдалану қауіпті болуы мүмкін.

Қажетті айнымалы ток адаптері:
AD-E95100L (JEITA стандартты ашасымен)

Үйдегі электр желісінің розеткасы «DC 9.5V» ағытпасы




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Айнымалы ток адаптері ұзақ уақыт жұмыс істеген кезде қызуы мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс, қандай-да бір қауіптің болуын білдірмейді.
- Сымдардың сымның үзілуіне жол бермеу үшін қуат баусымына ешқандай жүктеме түсірмеңіз.



Батареялардан қуат беру

- Құрылғыға қуат беру «AA» типтің 1.5В алты батареямен қамтамасыз етілуі мүмкін.
- Сілтілі немесе кімір-мырыш батареяларын қолданбаңыз.
- «Oxide» батареяларын немесе никель негізіндегі басқа батареяларды пайдаланбаңыз.
- Аспаптың тібіндегі батарея бөлігін ашып, батареяларды білікке орнатыңыз, содан кейін аспапты жабыңыз.
- Батареяларды орнатқан кезде оң «+» және теріс «-» полюстердің дұрыс орналасуына көз жеткізіңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Батареялардың қызмет ету мерзімі шамамен бес сағат үздіксіз жұмыс істеуді (қалыпты пайдалану режимінде көмір-мырыш батареялары үшін) құрайды. Келесі белгілердің кез-келгені батареялардың заряды бітуіне жақын екенін және оларды мүмкіндігінше тезірек ауыстыру керектігін білдіруі мүмкін.

- Құңғірт дисплей индикациясы.
- Дыбысты бұрмалау.
- Жеке ноталардың кенеттен өздігінен дыбысталуы немесе көрсетілмділік әуенді ойнату.
- Кіріктірілген өңдерді қалыпты емес ойнату, т.б.
- Пернелерді басқан кезде дыбыстың шықпауы


ЕСКЕРТПЕ

- Егер шамамен 6 минут ішінде бірде-бір операция орындалмаса, аспап батарея қуатын сақтау үшін автоматты түрде өшеді (автоматты түрде өшіру функциясы). Осы функцияны өшіру үшін аспапты қосқан кезде «TONE» батырмасын басып ұстап тұрыңыз.

Құлаққапты немесе аудиоаппаратураны пайдалану

- Құлаққапты немесе аудиоаппаратураны аспаптың артқы жағындағы «PHONES/ OUTPUT» ұяшығына қосыңыз.
- Егер істікше ұяшыққа сәйкес келмесе, сатылымда бар жалғастығыш тетікті қолданыңыз.

Құлаққаптар (бөлек сатып алынады)



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Ұзақ уақыт бойы құлаққаппен өте қатты дыбысты тыңдамаңыз, себебі ол есту қабілетінің зақымдануына әкелуі мүмкін.
- Осы аспаққа күшейткіш қосылған кезде, аспаптың дыбысын төмен деңгейге орнатыңыз және дыбыс деңгейін реттеу үшін күшейткіштің дыбыс деңгейінің реттегішін қолданыңыз.

Қауіпсіздік шаралары

Осы аспапты қолдануды бастамас бұрын, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

Таңбалар

Бұл нұсқаулықта және бұйымның өзінде бұйымның қауіпсіз және дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, пайдаланушының және басқа адамдардың жарақаттануын болдырмауға және мүліктің бүлінуіне жол бермеуге арналған ертүрлі таңбалар бар. Бұл таңбалар мен олардың мағыналары төменде келтірілген.

ҚАУІП

Бұл таңба Сіздің назарыңызды елемей немесе дұрыс пайдаланбау өмірге қауіп төндіретін немесе ауыр жарақат алу қаупі бар ақпаратқа аударды.

ЕСКЕРТУ

Бұл таңба Сіздің назарыңызды, егер бұйым мұндай ескерту таңбасына қарамастан дұрыс пайдаланылмаса, өмірге қауіп төндіретін немесе ауыр жарақат алу қаупін тудыратын сұрақтар мен заттарға аударды.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

Бұл таңба Сіздің назарыңызды, егер мұндай ескерту белгісіне қарамастан, бұйым дұрыс пайдаланылмаса ғана, ауыр жарақат алу қаупін тудыратын сұрақтар мен заттарға, сондай-ақ дене жарақатын алу ықтималдығы пайда болатын сұрақтар мен заттарға аударды.

Таңбалар мысалдары

Бұл (Δ) үшбұрыштың таңбасы пайдаланушы абай болу керек дегенді білдіреді. (Сол жақтағы таңбаның мысалы электр тогының соғу қаупі туралы ескертеді.).

Бұл (⊘) сызылған шеңбер көрсетілген әрекетті орындау мүмкін еместігін білдіреді. Берілген таңбаның ішінде немесе оның жанында көрсетілген әрекеттерге қатаң тыйым салынады. (Сол жақтағы таңбаның мысалы бөлшектеуге тыйым салынғанын көрсетеді.)

Қара шеңбер (●) көрсетілген әрекеттің міндетті түрде орындалуы керек екенін білдіреді. Осы таңбаның ішінде көрсетілген әрекетті орындау қажет. (Сол жақтағы таңбаның мысалы ашаны желілік розеткадан шығару қажеттілігін көрсетеді.)

ҚАУІП

Сілтілі батареялар
Егер сілтілі батареялардан шыққан сұйықтық сіздің көзіңізге тисе, дереу келесі әрекеттерді орындаңыз: 1. Көзіңізді сүртпеңіз! Оларды сумен шайыңыз. 2. Дереві дәрігерге қаралыңыз. Жоғарыда аталған әрекеттерді орындамау көру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін!

ЕСКЕРТУ

Түтін, ерекше иіс, қызып кетуҚұрылғыны түтін немесе ерекше иіс пайда болған кезде немесе қызып кеткенде пайдалану өртке немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін. Төмендегі әрекеттерді дереу орындаңыз:

- Аспапты өшіріңіз.
- Егер сіз айнымалы ток адаптерін қолдансаңыз, оны электр желісінің розеткасынан ажыратыңыз.
- Көмек алу үшін осы музыкалық аспапты сатып алған компания өкіліне немесе CASIO компаниясының уәкілетті техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Айнымалы ток адаптері

- Айнымалы ток адаптерін дұрыс пайдаланбау жану және электр тогының соғу қаупін тудыруы мүмкін. Төмендегі сақтық шараларын міндетті түрде сақтауды ұмытпаңыз.
- Тек осы музыкалық аспапқа арналған айнымалы ток адаптерін пайдаланыңыз.
- Кернеуі адаптерде көрсетілгеннен өзгеше қуат көзін пайдаланбаңыз.
- Электр розеткалары мен ұзартқыштарды шамадан тыс жүктемеңіз.
- Сымның үстіне ауыр заттарды қоймаңыз және оны қыздырмаңыз.
- Сымды өзгертуге тырыспаңыз және оны шамадан тыс майыстырмаңыз.
- Сымды бұрамаңыз немесе керіп тартпаңыз.
- Егер қуат сымы немесе штепсель зақымдалған болса, көмек алу үшін осы музыкалық аспапты сатып алған компания өкіліне немесе CASIO компаниясының техникалық қызмет көрсету жөніндегі уәкілетті орталығына хабарласыңыз.
- Айнымалы ток адаптерін ешқашан дымқыл қолмен ұстамаңыз. Әйтпесе, электр тогының соғу қаупі бар.
- Айнымалы ток адаптерін су енуі мүмкін жерлерде пайдаланбаңыз, себебі бұл жану немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.
- Айнымалы ток адаптеріне вазалар мен сұйықтықпен толтырылған басқа ыдыстарды қоймаңыз, өйткені адаптерге сұйықтықтың түсуі жану немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.

Батареялар

Батареяларды дұрыс пайдаланбау айналадағы заттарды зақымдауы мүмкін электролиттің ағып кетуіне, сондай-ақ батареялардың жарылуына әкелуі мүмкін, бұл өз алдына жану және дененің жарақат алу қаупін тудырады. Төмендегі сақтық шараларын міндетті түрде сақтауды ұмытпаңыз.

- Ешқандай жағдайда батареяларды бөлшектеуге тырыспаңыз және оларды қысқа тұйықтамаңыз.
- Батареяларды қыздыруға немесе өртеуге болмайды.
- Ескі және жаңа батареяларды бірге пайдаланбаңыз.
- Өр түрлі типтегі батареяларды бірге пайдаланбаңыз.
- Батареяларды зарядтамаңыз.
- Батареяларды орнатқан кезде (+ және -) полярлықты сақтаңыз.

Құрылғыны өртеу жолымен жоймаңыз.

Ешбір жағдайда құрылғыны отқа тастамаңыз. Ол жарылып, өрт пен жарақат алу қаупін тудыруы мүмкін.

Қауіпсіздік шаралары

Су және бөгде заттар

Аспаптың ішіне судың, басқа сұйықтықтардың және бөгде заттардың (мысалы, металл заттардың) түсуі жану және электр тогының соғу қаупін тудырады. Төмендегі әрекеттерді дереу орындаңыз.

- Аспапты өшіріңіз.
- Егер сіз айнымалы ток адаптерін қолдансаңыз, оны электр желісінің розеткасынан ажыратыңыз.
- Көмек алу үшін осы музыкалық аспапты сатып алған компания өкіліне немесе CASIO компаниясының уәкілетті техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Бөлшектеу және түрлендіру

Ешқашан бұл музыкалық аспапты бөлшектеуге немесе түрлендіруге тырыспаңыз. Мұндай әрекеттер электр тогының соғуына, күйікке және басқа да жарақаттарға әкелуі мүмкін. Аспаптың ішкі бөліктерінің барлық тексерулерін, реттеуін және жөндеуін осы музыкалық аспапты сатып алған компанияның өкілдері немесе CASIO компаниясының техникалық қызмет көрсету орталығының мамандары ғана жүргізуі тиіс.

Құлату және соғып алу

Құлату немесе қатты соғып алу нәтижесінде зақымданған аспапты пайдалануды жалғастыру жану және электр тогының соғу қаупіне әкелі соғады. Төмендегі әрекеттерді дереу орындаңыз.

- Аспапты өшіріңіз.
- Егер сіз айнымалы ток адаптерін қолдансаңыз, оны электр желісінің розеткасынан ажыратыңыз.
- Көмек алу үшін осы музыкалық аспапты сатып алған компания өкіліне немесе CASIO компаниясының уәкілетті техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Пластикалық пакеттер

Музыкалық аспаптың пластикалық қаптама пакеттерін ешкімге басына киюге және оларды аузына салуға рұқсат етпеңіз. Бұл тұншығуға әкелуі мүмкін. Осыған байланысты, егер үйде кішкентай балалар болса, ерекше сақ болу қажет.

Орнату

Музыкалық аспапты тұрақсыз тұғырға немесе оның тұғырығын бұдыр немесе тұрақсыз бетке орнатпаңыз. Аспапты бұдыр немесе тұрақсыз бетке орнату оның құлауына және жақын маңдағы адамдардың жарақат алуына әкелуі мүмкін.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

Айнымалы ток адаптері

- Айнымалы ток адаптерін дұрыс пайдаланбау жану және электр тогының соғу қаупін тудырады. Төмендегі сақтық шараларын міндетті түрде сақтауды ұмытпаңыз.
- Электр сымын пештердің, ас үй плиталарының және басқа жылу көздерінің жанына орналастырмаңыз.
- Айнымалы ток адаптерін электр розеткасынан ажыратқан кезде, сымды тартпаңыз. Адаптердің өзінен ұстаңыз.
- Айнымалы ток адаптерін қабырға розеткасына толығымен салыңыз.
- Айнымалы ток адаптерін найзағай кезінде қабырға розеткасынан ажыратыңыз, сондай-ақ егер сіз үйден ұзақ уақытқа кетуді жоспарласаңыз, мысалы, демалысқа барсаңыз, ажыратып кетіңіз.
- Жылына кемінде бір рет адаптерді розеткадан ажыратыңыз және қуат сымының қадауышты ашасының айналасында жиналған шанды құрғақ шүберекпен немесе шаңсорғышпен алып тастаңыз.
- Ешбір жағдайда қуат сымын, әсіресе оның ашасы мен істікшесін тазарту үшін жуғыш заттарды пайдаланбаңыз.

Аспаптың орнын ауыстыруАспаптың орнын ауыстырмас бұрын, айнымалы ток адаптерін желілік розеткадан ажыратуды ұмытпаңыз, сонымен қатар аспаптан барлық кабельдер мен жалғастырыш сымдарды ажыратыңыз. Әйтпесе, сымдардың зақымдануы, жану және электр тогының соғу қаупі туындайды.

Тазалау

Аспапты тазаламас бұрын, алдымен айнымалы ток адаптерін желілік розеткадан ажыратуды ұмытпаңыз. Егер адаптер қосылу күйінде қалса, онда оның зақымдану қаупі, сондай-ақ жану және электр тогының соғу қаупі туындайды.

Батареялар

Батареяларды дұрыс пайдаланбау айналадағы заттарды зақымдауы мүмкін электролиттің ағып кетуіне, сондай-ақ батареялардың жарылуына әкелуі мүмкін, бұл өз алдына жану және дененің жарақат алу қаупін тудырады. Төмендегі сақтық шараларын міндетті түрде сақтауды ұмытпаңыз.

- Осы музыкалық аспап үшін ұсынылған батареяларды ғана пайдаланыңыз.
- Егер сіз онымен ұзақ уақыт пайдалануды жоспарласаңыз, батареяларды музыкалық аспаптан алып тастаңыз.

Орнату

Бұл аспапты төменде көрсетілген жерлерге орнатпаңыз, себебі, мұндай жағдайда жану және электр тогының соғу қаупі туындайды.

- Ылғалдылығы жоғары немесе шаң көп жерлерде.
- Тамақ ұшындау орындарында немесе май буының өсеріне ұшыраған басқа жерлерде.
- Ауа кондиционерінің жанында, жылытқышы бар кілемде, тікелей күн сәулесінің астында, күннің астында тұрған автомобильде және бұйымның жоғары температураға ұшырауы мүмкін басқа жерлерде.


Дисплей экраны

- Аспаптың сұйық кристалды дисплейін қатты соққыларға ұшыратпаңыз: дисплей шынысы сынуы немесе шытынауы мүмкін, бұл жарақат алу қаупін тудырады.
- Егер дисплей шынысы сынып қалса немесе шытынап кетсе, дисплейдегі сұйықтықтың теріге тиюіне жол бермеңіз: бұл терінің тітіркенуін тудыруы мүмкін.
- Егер дисплейдегі сұйықтық аузыңызға түссе, дереу аузыңызды сумен шайыңыз және дәрігерге қаралыңыз.
- Дисплейдегі сұйықтық көзге немесе теріге түскен кезде, көзді немесе терінің зақымдалған жерін дереу сумен жуып (кемінде 15 минут бойы), дәрігерге қаралу керек.

Дыбыс деңгейі

Музыканы өте жоғары дыбыс деңгейінде ұзақ уақыт тыңдамаңыз. Музиканы құлақпаң арқылы тындау кезінде абай болу қажет. Өте қатты дыбыс есту қабілетін зақымдауы мүмкін.

АСПАППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ




Аспапта ойнау

1. Аспапты қосу үшін 2 (POWER) батырмасын басыңыз.
2. Дыбыстарды шығару үшін 11 пернелерді және 12 табақшаларды басыңыз.
3. Дыбыс деңгейін реттеу үшін 4 (VOLUME) сырғытпа реттегішін жылжытыңыз.

Кіріктірілген тембрлерді пайдалану

1. 7 (TONE) батырмасын басыңыз.



2. Аспап консолінде (10) басып шығарылған немесе осы нұсқаулықта келтірілген тембрлер тізбесінен қалаған тембрді тауып, оның нөмірін есте сақтап алыңыз. 17 батырмалардың көмегімен (сандық батырмалар, +, -) тембр нөмірін енгізіңіз.
 - Мысалы, «03 ELEC PIANO 2» батырмасын таңдау үшін бірінші «0», содан кейін «3» батырмасын басыңыз.
 - Сонымен қатар, сіз көрсетілген тембр нөмірін өзгерту үшін «+» (ұлғайту) және «-» (азайту) батырмаларын пайдалана аласыз.

3. Пернетақта пернелерін 11 басқан кезде ноталар таңдалған тембрде дыбысталады.


ЕСКЕРТПЕ

- Сіз 00 және 16 тембрлерді 16 батырмасын басу арқылы таңдай аласыз. 16 батырманы әр басқан сайын 00 және 16 тембрлері арасында ауысу болады.

Автоаккомпанемент моделін ойнату

Сіз әр түрлі музыкалық жанрларға сәйкес келетін автоаккомпанементтің әртүрлі модельдерін таңдай аласыз.

1. 9 (PATTERN) батырмасын басыңыз.



2. Аспап консолінде (6) басып шығарылған немесе осы нұсқаулықта келтірілген модельдер тізбесінен автоаккомпанементтің қалаған моделін тауып, оның нөмірін есте сақтап алыңыз. 17 батырмалардың көмегімен (сандық батырмалар, +, -) модель нөмірін енгізіңіз.
 - Сонымен қатар, сіз тембр нөмірін енгізу үшін арналған процедураны қолдана отырып, модель нөмірін енгізе аласыз.

Аспаппен жұмыс істеу бойынша нұсқаулық


3. Таңдалған автоаккомпанемент моделін ойнату үшін 14 (START/STOP) батырмасын басыңыз.

- Модельді ойнатуды тоқтату үшін 14 батырманы тағы бір рет басыңыз.
- Модельді ойнату жылдамдықтарының 16 орнатулар ішінен біреуін белгілеу үшін 13 (TEMPO) V (баяуырақ) немесе A (жылдамырақ) батырмаларын пайдалана аласыз.



Кіріктірілген әнді ойнату

1. 8 (SONG BANK) батырмасын басыңыз.



2. Кіріктірілген әндер тізбесінен (3) қалаған әнді тауып, оның нөмірін есте сақтап алыңыз. 17 батырмалардың көмегімен (сандық батырмалар, +, -) әннің нөмірін енгізіңіз.
 - Сонымен қатар, сіз тембр нөмірін енгізу үшін арналған процедураны қолдана отырып, әннің нөмірін енгізе аласыз.
 - Барлық кіріктірілген әндерді дәйекті түрде ойнату үшін дисплейде «AL» индикациясын шақыру керек. Ол үшін осы индикацияға өту үшін «+» және «-» батырмаларын басыңыз немесе алдында «0» батырмасын баспай, «1» -ден «9»-ға дейінгі сандық батырмалардың кез келгенін басыңыз.

3. Кіріктірілген әнді ойнатуды бастау үшін 14 (START/STOP) батырмасын басыңыз.

- Ойнатуды тоқтату үшін 14 батырманы тағы бір рет басыңыз.
 - Әнді ойнату жылдамдықтарының 16 орнатулар ішінен біреуін белгілеу үшін 13 (TEMPO) V (баяуырақ) немесе A (жылдамырақ) батырмаларын пайдалана аласыз. Әндерді ойнату жылдамдығын (темппін) реттеу процедурасы автоаккомпанемент модельдері үшін бірдей процедураға ұқсас. Темпті орнату экранынан бас тарту үшін 7 (TONE) немесе 8 (SONG BANK) батырмасын басыңыз.
 - Барлық кіріктірілген әндерді (AL) ойнату кезінде темпті реттеу мүмкін емес.

Кіріктірілген әннің әуен партиясын өшіру және осы партияны пернетақтада орындау

1. 15 (MELODY ON/OFF) батырмасын басыңыз. Кіріктірілген әннің әуен партиясы өшіріледі.



2. 14 (START/STOP) батырмасын басыңыз.


Кіріспе санақ дыбысталады, содан кейін әуенсіз ән ойнатыла бастайды. Сіз 11 пернетақтада әуен партиясын орындай аласыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Кіріктірілген әнді қосулы әуен партиясымен ойнатқанда, 11 пернетақта жұмыс істемейді.
- Бір кіріктірілген әнді ойнатқан кезде ғана әуен партиясын өшіре аласыз. Барлық кіріктірілген әндерді (AL) ойнату кезінде әуен партиясын өшіру мүмкін емес.

Дәл баптау

1. Бір уақытта 7 (TONE) және 9 (PATTERN) батырмаларын басып, жібермей ұстап тұрыңыз.



2. «+» (жоғарылату) және «-» (төмендету) 17 батырмаларының көмегімен, аспаптың баптауын реттеңіз.

- Сіз баптауларды - 99-дан +99 центке дейінгі диапазонда реттей аласыз (100 цент = 1 жартылай тон).
- Біраз уақыттан кейін дисплей баптау экранынан алдыңғы экранға оралады.

Бастапқы баптаулар

Музыкалық аспапты қосқан сайын оның барлық баптаулары, соның ішінде тембр нөмірі, кіріктірілген ән нөмірі және т.б. алғашқы мәндерге оралады. Аспаппен жұмыс істеу кезінде берілген баптаулар, ол өшірілген кезде сақталмайды.

Анықтамалық ақпарат

Ақаулықтарды іздеу және түзету

- **Пернелерді басқан кезде дыбыс жоқ.**
- Аспаптың батареялары орнатылғанына немесе айнымалы ток адаптерінің дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз. («Электр қуат беру» бөлімін қараңыз.)
- Егер **18 (PHONES/OUTPUT)** ұяшығына істікше қосылған болса, оны ажыратыңыз.
- Кіріктірілген өнді қосулы әуен партиясымен ойнатқанда, **11** пернетақта жұмыс істемейді. («Кіріктірілген өнді ойнату» бөлімін қараңыз.).
- Бұл аспаптың 8 ноталы полифониясы бар. Бір уақытта сегізден артық нота дыбыстала алмайды.

Дыбысталу мен дисплейдің индикациясы нормадан өзгеше.Батареялар зарядының бітіуіне жақын болуы мүмкін. «Электр қуат беру» бөлімін қараңыз.

Техникалық сипаттамалары

Пернетақта	: 44 перне (шағын өлшемді), 3,5 октавалар
Полифония	: 8 нота (макс.)
Тембрлер:	: 100
Соқпалы аспаптар табақшалары	: 5
Автоаккомпанемент модельдері.	: 50
Кіріктірілген әндер	: 10 ән; әуен партиясын өшіру

Баптау	A4=440 Гц ±99 цент
Динамикалар	: 8 см x 2 (шығыс қуаты: 0,5 Вт +0,5 Вт)
Қуат кірісі	: 9,5 В тұрақты ток
«PHONES/OUTPUT» ұяшығы	: стандартты стереофонды істікше (Монофонды шығыс.) Шығыс импедансы: 82 Ом Шығыс кернеуі: макс. 1,4 В (орташа квадраттық)
Электр қуат беру	: қосарлы

- Батареялар: «AA» типтік өлшемді 6 көмір-мырыш немесе сілтiлi батареялар
- Батареялардың қызмет ету мерзiмi: шамамен 5 сағат үздіксіз жұмыс (көмір-мырыш батареялары үшін)
- Айнымалы ток адаптері: AD-E95100L
- Автоматты түрде өшіру: батырманы немесе пернені соңғы басқаннан кейін шамамен 6 минуттан соң
- Тұтынылатын қуат : 9,5 В—3,8 Вт
- Өлшемдері : 60,4 x 21,1 x 5,7 см
- Салмағы : шамамен 1,4 кг (батареясыз)

ЕСКЕРТПЕ

- Дизайн және техникалық сипаттамалар алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
- Сіз осы музыкалық аспап үшін бөлек сатып алынатын жабдықтар туралы ақпаратты аспапты сатып алған дүкендегі CASIO каталогынан, сондай-ақ төменде көрсетілген CASIO веб-сайтының адресі бойынша ала аласыз:
http:// www.casio.ru.

Пайдалану кезіндегі

сақтық шаралары

Келесі сақтық шараларын міндетті түрде оқып,

орындауды сақтаңыз.

■ Аспапты орналастыру

Аспапты келесі жерлерге орналастырмаңыз:

- тікелей күн сәулесінің және жоғары ылғалдылықтың әсеріне ұшыраған жерлерде;
- экстремалды температура әсеріне ұшыраған жерлерде;
- радиоқабылдағыш, теледидар, бейнемагнитофон немесе тюнердің жанында (бұл құрылғылар аспапқа зиян тигізбейді, бірақ аспаптың өзі аудио және бейне сигналдарын қабылдауға кедергі келтіруі мүмкін).

■ Аспапты күту

- Ешқандай жағдайда аспапты тазарту үшін бензин, спирт, сұйылтқыш немесе басқа ұқсас химикаттарды пайдаланбаңыз.
- Аспапты жұмсақ бейтарап жуғыш заттың өлсіз сулы ерітіндісінде суланған және мұқият сығылған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.

■ Қоса беріліп отырған және қосымша жабдықтар

Тек осы музыкалық аспап үшін ұсынылған жабдықтарды пайдаланыңыз. Ұсынылмаған жабдықтарды пайдалану жану, электр тогының соғу және жарақат алу қаупін тудырады.

■ Айнымалы ток адаптерімен жұмыс істеу кезіндегі сақтық шаралары

- Қажет болса, мысалы, ақаулық туындаған жағдайда адаптерді оңай және тез ажыратып алу үшін оңай қолжетімді электр розеткасын қолданыңыз.
- Айнымалы ток адаптері тек үй-жайда пайдалануға арналған. Оны, оған су түсуі мүмкін жерде қалдырмаңыз. Адаптердің үстіне сұйықтық бар басқа ыдыстарды, мысалы гүл вазаларын қоймаңыз.

- Айнымалы ток адаптерін құрғақ жерде сақтаңыз.

- Айнымалы ток адаптерін ашық, жақсы желдетілетін жерде қолданыңыз.

- Адаптерді газет, дастарқан, перде немесе осыған ұқсас кез-келген басқа заттармен жабуға болмайды.
 - Егер сіз сандық фортепианоны ұзақ уақыт пайдалануды жоспарламасаңыз, айнымалы ток адаптерін электр розеткасынан ажыратып қойыңыз.
 - Айнымалы ток адаптерін жөндеуге немесе оны өзгертуге тырыспаңыз.
 - Айнымалы ток адаптерінің жұмыс шарттары
- Температура: 0-ден 40°С-қа дейін
- Салыстр. ылғалдылық: 10-нан 90%-ға дейін
- Шығыс полярлығы: - • +

■ Балқыту сызықтары

Аспаптың сыртқы бетінде сызықтар көрінуі мүмкін. Бұл корпусқа пішін беру үшін қолданылатын қалыптау процесінің нәтижесі болып табылатын «балқыту сызықтары». Олар пластмассадағы жарықтар немесе сынықтар болып табылмайды және олар Сізде алаңдаушылық тудырмауы керек.

■ Музыканттың этикеті

Бұл аспапты пайдалану кезінде айналаңыздағы адамдар туралы ешқашан ұмытпаңыз. Түнде ойнаған кезде аса мұқият болыңыз және ешкімді мазаламайтындай дыбыс деңгейін орнатыңыз. Сондай-ақ, түнде ойнаған кезде терезені жабуға немесе құлаққапты пайдалануға болады.

Анықтамалық ақпарат

Тембрлер тізбесі

ФОРТЕПИАНО		52	SYNTH-BRASS 1
00	GRAND PIANO	53	SYNTH-BRASS 2
01	BRIGHT PIANO	ТІЛШІК	
02	ELEC.PIANO 1	54	SOPRANO SAX
03	ELEC.PIANO 2	55	ALTO SAX
04	HARPSICHORD	56	TENOR SAX
05	CLAVI	57	BARITONE SAX
06	CELESTA	58	OBOE
07	GLOCKENSPIEL	59	ENGLISH HORN
08	VIBRAPHONE	60	BASSOON
09	MARIMBA	61	CLARINET
10	XYLOPHONE	62	PICCOLO
11	TUBULAR BELL	63	FLUTE
ОРҒАН		64	RECORDER
12	DRAWBAR ORGAN	65	PAN FLUTE
13	PERC.ORGAN	66	WHISTLE
14	ROCK ORGAN	67	OCARINA
15	CHURCH ORGAN	СИНТЕЗДЕЛГЕН ДЫБЫСТАР	
16	(SA-46) REED ORGAN	68	SQUARE LEAD
	(SA-47) HARMONIUM	69	SAW LEAD
17	ACCORDION	70	CALLIOPE
18	HARMONICA	71	VOICE LEAD
19	BANDONEON	72	BASS+LEAD
ГИТАРА		73	WARM PAD
20	NYLON STR.GUITAR	74	SPACE CHOIR
21	STEEL STR.GUITAR	75	BOWED GLASS
22	JAZZ GUITAR	76	METAL PAD
23	CLEAN GUITAR	77	RAIN DROP
24	MUTE GUITAR	78	SOUND TRACK
25	OVERDRIVE GT	79	ATMOSPHERE
26	DISTORTION GT	80	BRIGHTNESS
27	GT HARMONICS	ЭТНИКАЛЫҚ АСПАПТАР	
БАС		81	SITAR
28	ACOUSTIC BASS	82	BANJO
29	FINGERED BASS	83	KOTO
30	PICKED BASS	84	THUMB PIANO
31	FRETLESS BASS	85	SANTUR
32	SLAP BASS	86	FIDDLE
33	SYNTH-BASS 1	87	SHANAI
34	SYNTH-BASS 2	СОҚПАЛЫ АСПАПТАР	
ІШЕКТІ		88	STEEL DRUMS
35	VIOLIN	89	WOOD BLOCK
36	CELLO	90	TAIKO
37	CONTRABASS	91	MELODIC TOM
38	PIZZICATO STRINGS	92	SYNTH-DRUM
39	HARP	93	SEASHORE
40	STRING ENSEMBLE	94	BIRD
41	SLOW STRINGS	95	TELEPHONE
42	CHOIR AAHS	96	HELICOPTER
43	VOICE DOO	97	TRAIN
44	SYNTH-VOICE	98	LASER GUN
45	ORCHESTRA HIT	99	GUNSHOT
ЖЕЗ ҮРМЕЛІ			
46	TRUMPET		
47	TROMBONE		
48	TUBA		
49	MUTE TRUMPET		
50	FRENCH HORN		
51	BRASS		

Автоаккомпанемент модельдерінің тізбесі

ПОП-МУЗЫКА	
00	STRAIGHT 8 BEAT
01	8 BEAT POP
02	MELLOW 8 BEAT
03	60'S 8 BEAT
04	16 BEAT 1
05	16 BEAT 2
06	POP BALLAD
БИ МУЗЫКАСЫ	
07	TRANCE
08	MODERN DANCE
09	DISCO SOUL
РОК/ДЖАЗ	
10	STRAIGHT ROCK
11	BLUES
12	SLOW ROCK
13	MIDDLE BIG BAND
14	JAZZ WALTZ
ЕУРОПАЛЫҚ МУЗЫКА	
15	WALTZ
16	TANGO
17	MARCH 1
18	MARCH 2
ЛАТЫН АМЕРИКА МУЗЫКАСЫ	
19	BOSSA NOVA
20	BEGUINE
21	SAMBA
22	CHA-CHA-CHA
23	MERENGUE
24	SALSA
25	REGGAE
26	CUMBIA
27	REGGAETON
(SA-46) ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МУЗЫКАСЫ I	
(SA-47) ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МУЗЫКАСЫ I	
28	BLUEGRASS
29	PASODOBLE
30	ADANI
31	BALADI
32	MUS
33	KRONCONG
34	DANGDUT
(SA-46) ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МУЗЫКАСЫ I	
(SA-47) ҮНДІ МУЗЫКАСЫ	
35	BHANGRA
36	DADRA
37	KEHARWA
38	TEEN TAAL 1
39	TEEN TAAL 2
ӨРТҮРЛІ	
40	STRAIGHT ROCK
41	SHUFFLE ROCK
42	16 BEAT 2
43	TECHNO POP
44	NEW ORLNS R&R
45	SKA
46	MT-40 RIDDIM
47	REGGAETON
48	BAROQUE
49	INDIAN POP